ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# Ақтөбе

№2 (21.660)
9 қаңтар
жұма
2026 жыл

1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді • www.aqtobegazeti.kz • aktobegazeti@mail.ru



## ҰБТ: МАҢЫЗДЫ СЫНАҚТЫҢ МАЗМҰНЫ

7



10 11

## ҚЫСТЫҢ СӘНІ – СЫРҒАНАҚ

Бүгінгі санда:



2026 ЖЫЛ: НЕ ӨЗГЕРДІ? 6



ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫНДА БІЗДІ НЕ КҮТІП ТҰР? 8



ҚАЛАМГЕР – РУХАНИЯТ ҚАЗЫҒЫ 9



КӘСІП БАСТАҒАН КӨПБАЛАЛЫ АНА 12

## Құттықтаймыз!

*Ақтөбе қаласы*
*Ақжар шағын ауданы*
*Сексенбай Орынбайұлы ТӨЛЕПБАЕВҚА*
*Құрметті Сексенбай!*



Мағыналы өміріңнің өрнекті бір белесі 70 жасқа келуіңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы кезеңге тың жігер, жарқын көңілмен жетіп, қосағың Шолпанмен өркен жайған бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі болып отырсыздар.

Ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қызықтарыңыз молынан болсын, өздеріңе баянды бақыт тілейміз!

Төлбасыңыз Жайнагүл мен жолдасы Азамат, бала-келіндеріңіз Сайран-Айнұр, Нұрлан-Мәдина, Шафхат-Жаңагүл сіздерге немере сыйлап, айналаңызды қуанышқа бөлеп отырғаны біздер үшін сүйінішті.

Дос-жаран арасындағы сыйластығымыз арта берсін!

*Ізгі ниетпен: «Шалқар-73» тобындағы сыныптас достарың.*

## «КОППЕР ТЕКНОЛОДЖИ» ЖШС

**ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылғы 12 ақпан сағат 11.00-де, Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктау а.о., Көктау а., №1микрорайон 79-үй, мекенжайлары бойынша «Приорское кен орнын игеру бойынша, Тау-кен жұмыстары жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп (ашық әдіспен өндіру, өндіріс өнімділігін түзету)» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.**

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында,сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай мен шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме__https://us04web.zoom.us/j/73810374173?pwd=8aSXKP5Up5WNRixa9zkEF848BabN7O.1 немесе конференция идентификаторы: 738 1037 4173 кіру коды: MUG2LV

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: irgaliev93@bk.ru және +7 (708) 644 81 93 телефоны.

**Ұсынылған қызметтің операторы:** «Коппер Текнолоджи» ЖШС, БСН: 031140005339, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Маресьев көшесі, 4г. Тел.: +7 (708) 644 81 93

**Жобаны әзірлеуші:** «КАЗГИПРОЦВЕТМЕТ» ЖШС, БСН: 010740001996, Өскемен қаласы, Шәкәрім даңғылы, 156, тел.: 87015391054

**Әсер ету аумағы** — Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы Көктау а.о., Көктау а., географиялық координаттары — 50°29′15″с.е. 59°05′03″ ш.б.

«Приорское» кен орнының географиялық координаттары — 50°32′47″с.е. 59°00′50″ ш.б.




Акция

## «ХАЛЫҚ БУХГАЛТЕРІ» АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

**5 қаңтардан бастап Қаржы министрлігі жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес субъектілеріне арналған «Халық бухгалтері» акциясын бастады. Аталған акция 30 маусымға дейін жалғасады.**

Акцияның басты мақсаты — кәсіпкерлерге бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізуде көмек көрсету, сондай-ақ ақпараттық жүйелермен жұмыс істеу бойынша кеңес беру. Практикалық кеңестер арқылы кәсіп иелері өз қызметін заң талаптарына сай оңтайлы жүргізуге мүмкіндік алады.

Кеңес беру форматы — офлайн. Барлық облыс орталығындағы мемлекеттік кірістер басқармаларының базасында кәсіпкерлерді қабылдау ұйымдастырылады.

Кеңес беру қаңтар, ақпан айларында аптасына үш рет: дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-13.00 аралығында, ал наурыздан бастап аптасына екі рет өткізіледі.

Қабылдау өтетін мекенжайлар мен жұмыс кестелері «Халық бухгалтері» арнайы тақтайшаларымен белгіленеді.

Кеңес берушілер:

- кәсіби бухгалтерлер мен аудиторлар;
- бухгалтерлік қауымдастықтардың өкілдері;
- заңнама нормаларын түсіндіру үшін мемлекеттік кірістер органдарының тәжірибелі қызметкерлері.
- Өңірлерде аудандық деңгейде, қажет болған жағдайда мамандардың көшпелі қабылдауы ұйымдастырылады.

«Халық бухгалтері» акциясы аясында кәсіпкерлерге қосымша мүмкіндіктер ұсынылады. Кеңес беру бейнекеңестер, телефон және ресми ресурстар арқылы онлайн форматта да жүргізіледі. Сонымен қатар онлайн және офлайн режимде вебинарлар ұйымдастырылып, тақырыптық кеңес беру сессиялары өткізіледі.

Заңнама нормаларын қарапайым тілмен түсіндіретін және ақпараттық жүйеде жұмыс істеуге арналған қадамдық нұсқаулықтар әзірленіп, Call-орталық материалдары жаңартылады. Сондай-ақ SalykBot Telegram-арнасы да қажетті мәліметтермен толықтырылады.

«Халық бухгалтері» акциясы — салық төлеушілермен жұмыс істеуде бақылау моделінен сервистік сүйемелдеуге көшу жолындағы алғашқы қадам.

Алдағы уақытта құқықбұзушылықтардың алдын алуға және консультациялық қолдаудың сапасын арттыруға бағытталған қосымша шаралар іске асырылатын болады.

**Өз тілшіміз.**

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** «Әлібекмола» кен орнының №1-4 манифольдтарын реконструкциялау «жұмыс жобасын түзету».

Өтінішпен сайттарда https://ecoportal.kz/, «жария талқылаулар» айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 6.01.2026 ж. – 5.02.2026 ж.

## «WHATSAPP»-ТАҒЫ ЖАҢА КИБЕРҚАТЕР

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қылмыстық қауіп-қатерлердің және қоғамдық қауіпсіздіктің тәуекелдерін болжау орталығы «WhatsApp» мессенджеріне қатысты жаңа киберқатер туралы ескертеді.**

Шетелдік дереккөздердің мәліметіне сәйкес кибералаяқтар «WhatsApp» аккаунттарын иемденіп алудың жаңа қылмыстық схемасын қолдануда. Бұл әдіс «GhostPairing» деп аталады және парольдерді бұзуды, SIM-карталарды ауыстыруды немесе күрделі техникалық шабуылдарды қажет етпейді. Алаяқтар «WhatsApp»-қа заңды түрде, қосымша құрылғыларды байланыстыру функциясын пайдалану арқылы қол жеткізеді.

Сценарийі қарапайым: пайдаланушыға Facebook немесе WhatsApp атынан жасырынған хабарлама жіберіледі, ол Facebook пен WhatsApp интерфейсін визуалды түрде қайталайтын жалған парақшаларға бағыттайды.

Контентке қолжетімділікті растау үшін фейк-парақша телефон нөмірі мен растау кодын енгізуді ұсынады, содан кейін зиянкес автоматты түрде жәбірленушінің аккаунтына сенімді құрылғы ретінде қосылып, «WhatsApp»-қа толық қол жеткізеді (хабарламаларды оқу, медиафайлдарды қарау, байланыстар тізімі, хабарлама жіберу, фотогалереяға қолжетімділік). Бұл ретте телефон әдеттегідей жұмыс істей береді және күдік тудырмайды.

«WhatsApp»-тың басып алуын анықтаудың жалғыз жолы — «Байланыстырылған құрылғылар» бөлімін қолмен тексеру. Кез келген белгісіз қосылу аккаунттың бұзылғанын көрсетеді және дереу жойылуға тиіс.

Сақ болыңыздар, киберқауіпсіздік талаптарын сақтаңыздар:

- белгісіз кіріс хабарламаларға, қоңырауларға және әртүрлі хабарландыруларға мұқият болыңыздар;
- «WhatsApp» кодын бөгде парақшаларға енгізбеңіздер, қосымшадан тыс жерде кодты сұрату — әрқашан алаяқтық;
- екі факторлы аутентификацияны пайдаланыңыздар;
- аккаунтыңыздың белсенділігін тұрақты түрде тексеріп отырыңыздар;
- қорғанышты қамтамасыз ететін бағдарламаны қолданыңыздар.

Бір қатенің құны — сіздің жеке хат алмасуыңызды толық бақылау.

## «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі

**Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 73-бабына сәйкес 2026 жылғы 10 ақпанда сағат 14.00-де Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Мұғалжар ауданы, Батпаққөл ауылдық округі, Қожасай ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 1-үй мекенжайында «Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қожасай ауылында кірме және ауылішілік газ құбырын салу» жұмыс жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсер ету туралы есеп (ҚОӘБ) материалы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.**

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтынан (www.ndbecology.gov.kz), сондай-ақ https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru сайттарынан танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (www.ndbecology.gov.kz) және https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru сайттарында ұсынылатын болады.

**Онлайн қосылуларға сілтеме:**

https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RIBKcFRiSlhWSE5UQ2xDOFZUUT09

**Конференция идентификаторының нөмірі:** 931 840 1523.

**Құпиясөз:** 7wrUKe

**Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады:** Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40.

Жоспарланып отырған қызметтің операторы — «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі, мекенжайы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40. БСН: 061240003738, E-mail: 544801@mail.ru.

**Жобаны әзірлеуші** — ЖК «Жолдыбаев О.Д.», Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Алтын Орда шағын ауданы, 11А-кеңсе, 27-пәтер, БСН: 840526301766. Телефон: +7 705 478 00 43.